

**РАХМАНҚҰЛ БЕРДІБАЙ РУБАЙЛАРЫНЫҢ
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**
THEMATIC AND ARTISTIC VALUES OF
RAHMANQUL BERDIBAI'S RUBAIS

Жанымгүл КАМАЛҚЫЗЫ*

Түйіндеме

Мақалада сан қырлы ғалым және өнер иесі болған қазақ қоғамындағы ірі тұлға ҚР ҰҒА академигі Рахманқұл Бердібайдың бір шығармашылық кыры сөз болады. Шығыс ғұламаларын пір тұтқан ғалым ақындық өнерінде төрт таған – рубай жанрын жанына жақын тұтқан. Автор мақаласында академик рубайларының тақырыптарын жүйелейді. Рубайларда айтылған пікірлердің сырын түсіндіреді. Ғалымның көркемдік ойларына сараптама жасайды. Рубайлардағы сомдалған образдардың бүкіл қоғам қасиетін танытатындығын ашып көрсетеді. Р. Бердібай сыншыл ақын ретінде қоғамдағы түрлі типті адамдар образын жасаған. Қазақтың ұлттық қасиеттерінің кеміп бара жатқан себептерін түсіндіреді. Өзі өмір сүрген кезеңдегі замандастарының бейнесінен ащы тілмен сатиралық образдар жасаған. Өзі туралы да, өскен жері, қазақ дәстүрі, мәдениеті, дін туралы қорытындыларын төрт жол өлеңге сыйдырған. Автор академиктің ерекше мұрасы – рубайлары туралы алғаш рет ғылыми мақала жазған.

Кілт сөздер: Рубай, философиялық қорытынды, сатиралық образ, экологиялық апат, ажал-жылан, имандылық өсиет.

Summary

This article deals with the creative person, academician of the National Science Academy of Kazakhstan Rakhmankul Berdibai, a great figure in the Kazakh society, who was a real scientist and master of art. In the poetic art of the scientist, who had been studying Oriental scholars, he was closer to four genres. The article authorizes the topic of academics' rubais titles. He explains the secrets of the comments made in the comments. Analyzes the artistic thoughts of a scientist. He explains that the slaughtered images in the rug are the whole of society. R. Berdibay, as a critical poet, has created a variety of people in society; explains the underlying causes of the Kazakh nationality. He has satirized images from the contemporary of his contemporaries. Rubais have four lines of poem about its place of origin, Kazakh tradition, culture and religion. The author wrote the first scientific article about the unique heritage of academics.

Keywords: Rubai, Philosophical Conclusions, Satirical Image, Ecological Catastrophe, Snake-Death, Morality.

* Филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан-Қазақстан.
PhD, associate professor, Khoja Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. Turkestan-Kazakhstan. E-mail: kamalkizi_53@mail.ru

Белгілі әдебиеттанушы, фольклортанушы, түріктанушы, өнертанушы ғалым, әдебиет сыншысы, публицист Рахманқұл Бердібайдың еш жерде айтылмай, жете бағаланбай жүрген бір қыры – оның ақындығы. Әрине, оның ақындығы туралы мүлдем айтылмады деуге келмес. Р. Бердібай туралы мақаласында журналист Әтіргүл Ташимова оның алғашқы әдебиетке басқан қадамын ақындықпен бастағанын айтады (Ташимова, 2004). Өзі де өмірінен айтқан үзік сырларында «жаяу сал» болып, ауыл арасындағы ақындар айтысына қатысқанын сөз етеді. Академикті өмірде де, ғылымда да аға тұтып, ерекше сыйлаған қазақтың өнерлі де ғалым қызы профессор Алмагүл Қыраубаева Р. Бердібайдың жетпіс бес жылдық мерейтойына арналған жинақтағы «Көкейкесті арман ғұмыр» атты мақаласында заманымыздың энциклопедист ғалымы, өнертанушы ірі тұлға Р. Бердібайдың шығармашылығын саралай келіп: «Осындай бірегей тұлғаны қалыптасырған не болды екен? – деп таңданады да, өзі жауап береді. «Мүмкін Ұлы Жібек жолының бойымен ыңырана қозғалған керуен тізбегінің бірін шығысқа, бірін батысқа шығарып салып жататын екі дүниенің есігіндей, көне цивилизацияның мекені – Түркістан болар. Сондағы ақ топырақты бұрқ-бұрқ кешкен, өлең айтып, домбыра-сырнай тартуға әуес ауыл арасындағы «жаяу серілердің» қызу өмірі ме? Ащысай-Түркістан пойызының сарт-сұрт үнінен асыра айқайды салып айтыса кететін жігіттік күндер ме?.. Әлде «айтыстан артық қызық бар ма?», «Бәйгеден озған ойын бар ма?» - деп білетін жырауы мен жыршысы әр үйден табылатын ауыл стихиясының қалың ортасында өскен адамның балалық дәуренде көргендерін сағыну ма? Болмаса, бүкіл түрік жұртының көсемі Ахмет Ясауи бабаның имандылық өсиетінен өсіп шықты ма?.. Сірә, бәрінің де белгілі дәрежеде әсері болса керек», - деп ой қорытады (Ташимова, 2004: 54). Байқаған жанға, ғалым Р. Бердібайдың жас кезінде ақын болғанына куәлік етіп отырғаны көрінеді. Бар ғұмырын ұлттық мұра үшін күреспен өткізген ғалым ақындық жолды мұрат тұтпаған. Елімнің зарын айтамын деп, публицистиканы, ұлтымның елдігі мен ерлігін танытамын деп ғылымды өміріне серік етті. Артына ұрпаққа азық болар мол мұра қалдырды. Бірақ ақындықтан қол үзбеген. Оны өзінің қойын дәптерлеріне жазған жазбалардан көп кездестірдік. Ақындық өнерден шығыс данышпандары ұстанған төрт таған – рубай жанрындағы өлеңдерді өз табиғатына жақын санаған секілді. Өйткені осы тектес өлеңдерін Түркістаннан бірнеше рет жинақ етіп шығарды. Атақты парсы жұртының энциклопедист ғалымы, рубай жанрындағы

өлеңдерімен әлемге мәшһүр болған Омар Һаям да, зерттеушілердің айтуынша, рубайларын арнайы уақыт арнап жазбаған. Жазып отырған ғылыми еңбектерінің шеттеріне жазып тастап отырған екен. Ойына келген асыл ойларын қорытып, төрт тағанмен бекітіп отырған тәрізді. Сондықтан ақын Сәбит Мұқанов: «Мәңгілік төрт тағандап тұрып қалған, Апырмай, Омар Һаям неткен күшті?!» - деп тамсанады. Рубай жазу – данышпандықтың белгісі екенін осымен түсіндіреді. Рубай – ерекше таланттылықты, ерекше білімділікті талап ететін өте кірпияз өнер. Өйткені төрт жолға ғана ірі ойларды сыйыстыру сөз құдіретін түсінумен қатар, аса таланттылықты талап ететіні белгілі. Қоғамның ірі мәселелерін, адамдық мұратты, ұрпаққа қалдырар ғибратты ойларын төрт жолға сыйғызып, түйіп тастау ақындық өнердің сирек қолға түсетін қазынасы деуге болады.

Академик рубайларының тақырыптары сан алуан: өмірдің өтпелілігі – ажалдың ақиқаттығы, адам мінезі жайлы, ел, жер мәселесі, экологиялық апат, тіл мен дін, ақ пен қарадан тұратын өмір туралы, т.б. Өмірдің ең өзекті мәселелеріндегі өзін толғандырған жайларды, ширыққан сәттердегі ішкі толғаныстарын төрт тағанға маржандай тізіп отырған. Кейде, өзімен-өзі сырласып отырған сияқты көрінеді.

Дүниеден жан бар ма опа табар,
Ажал – жылан бір күні сені шағар.
Ойды опырып, қырларды төңкерсең де,
Тек жақсылық істерің есте қалар (Бердібай, 2003: 7), -

деп толғанады. «Ажал-жылан» пендеге келмей қоймайтын тағдыр. Оны жеңетін, кейінгілердің есінде қалатын – жақсылық істер ғана.

Енді бір рубайында:

Өмір сырғып өтеді, аялы жоқ,
Кәріні де, жасты да аяуы жоқ.
Оңған бояу секілді билік, байлық,
Бір ғылымнан басқаның баяны жоқ (Бердібай, 2003: 11),

- дейді.

Өмірдің өзі де, билік те, байлық та өтпелі, оны ешкім ұстап қала алмаған, ұстап тұра да алмайды. Өмірдегі баянды нәрсе – ғылым. Осы арқылы өз жолын дұрыс таңдағанына шүкірлік еткендей болады. Өмірдің адам түсінбес жұмбағы – оның қайшылықтарында екеніне көз жібереді. Ешкім шеше алмайтын өмір құпиясын былай түйіндейді:

«Алтын жатқан жерлерде айдаһар бар»,
Бал жинайтын араның уы заһар.
Гүлге аралас өседі тікенек те,
Зымыстанмен алысып туар баһар (Бердібай, 2003: 11).

Ақ пен қара бояу астасқан өмірдің өзінде бояулардың карама-қайшы құбылыстарын көзге көрсетеді. Қымбат қазына алтын жатқан жерде өмірге қауіпті айдаһар мекен етеді; дүниедегі ең тәтті тағам беретін бал арасы у да бөледі; өмірдегі әсемдікті бойына жинаған сан түрлі бояуымен көздің жауын алатын гүл тікенекпен бірге өседі; қаһарлы қысты ысырып көктем келеді. Демек, өмір - карама-қарсы заңдылықтармен ғана берік, оң қолың керек, сол қолың керек емес деуге болмайтындай, бірімен-бірі астасқан сырын түсіну қиын ішкі заңдылықтарға құрылған әлем.

Ғалым рубайларындағы «заһар», «зымыстан», «баһар» деген сөздер әдеби тілді бұзуы емес, түрік халықтарының ежелгі сөздік қорын пайдалануы. Ғалым өзінің зерттеу еңбектерінде де мұндай сөздерді мақсатты түрде көп қолданады. Өйткені түрік тілдерінің бір-біріне туыстығын қарапайым мысалмен түсіндіріп отырады. Мысалы, «шайыр» деген сөзді ғылыми айналымға енгізді. Қазақ тілінде ескірген сөз болып есептелетін «шүлен» сөзінің мағынасын да түрік жұртынан тапты. «Манас» жырынан алынған «көзқаман» адам мінезінің типтік бейнесі болып енді. Академик әрбір сөздің мәні мен мағынасын, тарихын зерттеу – ұлт тарихын зерттеудің дұрыс жолы екенін көрсетіп отырады. Сөз сырына бойлай отырып, тілде сақталып қалған тарих беттерін тауып отырады.

Ғалымның біраз рубайлары кеңес заманында адасып жүрген сананы түсіндіреді. Одан мен шет қалдым, аманмын демейді, сол ұлы дүрмектің ішінде болғанын айтады. Өзі де өкінеді, айналасындағы үлкенді-кішілі замандастарына ой салады:

Адамдық парасатты игермедік,
Жақсы үлгіні жат көрдік, үйренбедік.
Иттікті кулық санап дағдыланып,
Күн сайын көрсек сұмдық жиренбедік (Бердібай, 2003: 12).

Ұлттық сананы ығыстырып, халық санасына біртіндеп енгізіліп жатқан құлдық сананың қасіретті тарихын осы бір төрт жолға сыйғызған. Бабалардан қалған Ұлы дала өркениетін өткен ғасырда кім мойындап еді? Бәріміз алақайлап, «коммунизмге» тезірек жетуге ұмтылмадық па? Мұндай аурудан қай пенде аман қалып еді?..

«Коммунизм елесімен» ауырған қоғам психологиясын осылай суреттейді. Сол қоғамның кейбір «қайраткерлерінің» образын төрт тағанмен сомдап шығады. Түрлі мінез иесін тап басып, дәл көрсетеді. Бір төрт жолдан мына бейнені көреміз:

Қылмысы бар өлшейтін батпанменен,
Жалған алған орденді таққанменен,
Адалдықтан санада мысқал да жоқ,
Жылпостықпен әркімге жаққанменен (Бердібай, 2003: 7).

Екінші төрт жолдан замандасының тағы бір типін көргендей боламыз:

Отаншылдық, парасат, биік мұрат,
Деген ұғым ғалымнан жатыр жырақ.
Мансап қуған жандарды мақтауменен,
Қалт-құлт етіп жүргені құлша ұнап.

«Жоқ, мұндай жандар болған жоқ», - деп дау айтар жан табылмасы анық. Сол қоғамның ішінде араласа жүріп, өзі де сол жандармен бірге бір мақсаттамыз деген ойда жүріп, ұлы Абай сияқты айналасына ойлы көзбен қарайды, замандастарының «заманың түлкі болса, тазы болып шал» деген ұстанымға лайық мінездерін ащы сынға алады. Қандай кезеңде де нағыз азамат өз ұлтының мүддесін өзінің өмірлік мұраты етіп ұстауы керектігін насихат етеді. Кейінгі ұрпақ үшін қағаз бетіне өлеңмен сурет салады, «нәфратланар» жан табылар деген үмітін танытады...

Кеңес заманының идеологиясының мықтылығы соншалық, ол заманда өмір сүрген жандардың көпшілігі өз ұлтының бар қадір-қасиетін кеміріп жеп жатқанын, ұрпағын мәңгүртке айналдырып жатқанын сезбегені рас. Сол қоғамның бет-бейнесін былай суреттейді:

Лепірдік тамаша деп осы заман,
Әлемде жоқ деп біздей еркін адам.
Садақаға малданған диуанадай
Болыппыз басыбайлы құлдан жаман (Бердібай, 2003: 22).

Жазушы Рамазан Тоқтаровтың «Бақытты құлдың ақыры» деген романының тақырыбына біраз таңданғанымыз есімізде. Өзі құлдық болса, ол қалай бақытты болмақ? Жазушы өзі өмір сүрген кеңестік дәуірді осылай «бақытты құлдық» дәуірі деп атағанын романды оқыған соң ғана түсіндік. Академик Рахманқұл Бердібай да замандастарының өмір сүріп жатқан қоғамның ішкі астарын толық

Камалқызы Ж. Рахманқұл Бердібай рубайларының тақырыптық және...

түсіне алмай, идеология үздіксіз санаға сіңіріп жатқан жалғандықтың құрбаны болғанын осылай көрсетеді. Көпшіліктің халін «Садақаға малданған диуанадай» деп сипаттайды. Бұл қазірде де көрініп қалатын психологиялық ахуал екені жасырын емес. Өз замандастарының қателігін жасырмай айтады, сол арқылы ендігі ұрпақты тәрбиелеуді ойлайды:

Ойсыз қылып өсірдік баламызды,
Жоғалттық дәстүр, елдік санамызды.
Көрінгенге жамандап елімізді,
Кетірдік қарап жүріп бағамызды (Бердібай, 2003: 16).

Қадір тұтып көрмедік барымызды,
Ойламадық ел деген арымызды.
Ата-баба ісіне күйе жағып,
Жаудан бетер сындырдық сағымызды (Бердібай, 2003: 16).

Жаман мінездің барлығын тек қазақ мінезі деп түсіндіру әлі күнге дейін бар құбылыс. Өз ұлтынан жастарды бездірудің ең оңай жолы. «Дана халқымыз», «данышпан бабалар», «аруақты ерлер», «қасиетті аналар» деген сөз үлкендер аузынан көп естіле бермейді. «Сорлы қазақ», «бейшара қазақ» деген сөздерді қосып, олардың ұлы сөздерін ауыздары қисаймай айтып отыратын қазіргі қарттар сол заманның тәрбиесінен сусындағандар.

Ғалымның Америка Құрама Штаттарына барып, қазақ тілінде дәріс оқығаны белгілі. Барған жерінің тарихы мен дәстүрін зерттей жүретін әдетінше, жолжазбаларында көп сыр ақтарғанын ғалым оқырмандары жақсы біледі. Сол әсерлерін өлеңмен де қалдырыпты.

Талай өмір бұл жерден ағып өткен,
Үндістер жоқ бұл маңда – бағы кеткен.
Өмір заңы қашан да осылай екен,
Күшті келіп, әлсізді майып еткен (Бердібай, 2003: 23).

Қайда үндіс тайпалары шуға толған,
Тұтас халық құрыған, шөптей солған.
Ізі де жоқ олардың әлем өзге,
Теңселеді жай ғана қалың орман... (Бердібай, 2003: 23).

Осы жолдарда қанша өкініш, қанша мұң тұнып тұр. Өз тілін, өз тарихы мен дәстүрін ұмытқан, әлемге отаршылдардың түсіндіруімен жабайы ел деп таныстырылған Америка үндістерінің тағдыры көрінеді. Ірі

өркениетті құртып, өз билігін жүргізген отаршылдар заңынан хабар береді. «Тұтас халық құрыған, шөптей солған. Ізі де жоқ олардың әлем өзге». Үстем зорлық осылай аяуы жоқ, бар асылды жоқ ету олардың бар мұраты. Ғалым осыған қарап отырып, өз елінің тағдырына да алаңдайтыны, өкінетіні өлеңнің ішкі мағынасынан танылады.

Өзге елдермен араластырмай, кеңестік аумақта өмір сүрген аға буын өкілдері тәуелсіздікпен бірге өзге елдермен де байланыс басталғанда, көзілдіріксіз қалған жандай, тосырқап қалғанымыз рас. Біз білетін жалғыз тіл – орыс тілі жаңа байланысқа тым аздық етті. Осындай жағдайды басынан кешкен Р.Бердібай өз халін былай суреттейді.

Иске аспай жиып, теріп алған білім,
Тұрғанда сөз айтуға жетпей тілім.
Талайды елі бөтен табындырды,
Домбырам, қасиетті, сенің үнің. (Бердібай, 2003: 23).

Қиналғанда жол тапқан қасиетті қара домбыраға ризалығын білдіреді. Тілімен түсіндіре алмаса да, қазақ домбырасынан төгілген қазақ әуені барған жерде ғалымның мәртебесін көтеріп, ұлт мәдениеті оны көкке көтергенін риза сезіммен толғайды. «Талайды елі бөтен табындырды» деп қасиетті домбыраны аялайды. Өйткені Р. Бердібай өз ұлтының мәдениетінің кез келген өркениетті елдерді мойындататын ұлы мәдениет екеніне жастайынан сенімді болғандығына оның мыңдаған публицистикалық және ғылыми мақалалары, ғылыми зерттеу еңбектері дәлел.

Ал біраз рубайларында өзі таныған ұлы мәдениеттен нәр алмай, өзге жұртқа рухани бодан болып жүрген жандардың ұлт болашағы үшін қауіпті боларын ашық айтады:

Ел едік шарапаты таң боп атқан,
Дархан көңілі әлемді таңырқатқан.
Шынымен аздырмақ па өр халықты
Көзқаман тілін, дінін, ділін сатқан?..

Алғашқы екі жолда бүкіл қазаққа, Ұлы дала мәдениетіне айтылар мадақ көрінеді. Қазақ тарихынан хабары бар жан автормен таласа алмасы анық. Өзі сынап отырған жандар сонау «Манас» жырында кездесетін ерекше мінезді тип – көзқаманның бүгінгі көрінісі екенін көрсетеді. Көзқаман - тілін, дінін, ділін сатқан жандар. Олар неге жиіркенішті мінезбен өмір сүреді, неге олар өз ұлтының алдындағы парызын білмейді? Тілінен, дінінен, ділінен айрылған жанда тірек

Камалқызы Ж. Рахманқұл Бердібай рубайларының тақырыптық және...

болар рух қалмайды, елдің азаттығы үшін қауіпті болатын себебі - сырт жаулары дәл осындай жандарды өз мақсатына тартады. Бұл туралы тарихи деректі ғалымның «Көзқамандар туралы» деген мақаласынан алуға болады (Бердібай, 1996: 45-51).

Жақсы мен жаман, надандық пен зиялылық аралас жүретін, түрлі мінезді жандардан алыс кете алмайтын кәдімгі біз өмір сүретін қоғам келбетіне тағы бір көз салған автор былай ойын түйіндейді:

Ит риза абалап үргеніне,
Надандар мез сұмдықты білгеніне,
Зұлымдықтың күллісі татымайды,
Жақсының жадырап бір күлгеніне (Бердібай, 2003: 9).

Мұндай жандардан мезі болғанда, айналасындағы тірек болар замандастарына иек артады. Жаңа мінез қалыптастырған қоғамның емін іздеген автор, әдетінше, бабалар жолынан дәрмен іздейді. Кейбір өзі аса риза болған жандардың атын қоса образын жасайды. Мысалы мына бір рубайында Шәуілдірден үнемі хат жазып, көмек сұрап тұрған ерекше тұлға Асантай туралы:

Қиратып Отырарды жаулар өктем,
Талай ғасыр халықты зар еңіреткен.
Жоғалғанды қайта іздеп ер Асантай
Еліне мәңгілікке табыс еткен (Бердібай, 2003: 50).

Отырар музейін эрмитаж дәрежесіне көтеремін деп өз күшімен 4 000 экспонат жинап, Отырар музейінің іргесін қалаған Асантай замандасы туралы біз оның хаттарын оқығанда таныс болғанбыз. Сондай азаматтың ерекше ерлік ісін кезінде билік өкілдері бағалай алмағанын, оның ерлікке тең әрекеттеріне көмек берген Р. Бердібай болғандығын сол хаттардан ғана танығанбыз. Ол туралы «Хаттарда сақталған ғасыр шежіресі» атты жинақтағы хаттар куәлік бере алады (Хаттарда сақталған ғасыр шежіресі, 2017). Жоғарыдағы төрт жол сол ізгі жүректі жанға деген ризалығының белгісі.

Қалдырып қатарын да, қауымын да,
Тәкен жатыр Қаратау бауырында.
Мәңгі бақи мекенін тапқан жанға,
Қауіп емес жауының дауылың да.

Еңбектерін еліне беріп кетті.
Опасыз дүниеден жеріп кетті.

«Сөз қадірін түсінер жұртым бар» деп
Халқына ғашық көңілі сеніп кетті (Бердібай, 2003: 33), -

деп жазыпты өзі ерекше құрмет тұтатын талантты жазушы Тәкен Әлімқұлов туралы. Жазушының қиын күндерін көрген, сол сәттерде оған көп қамқорлық та жасаған ғалым Тәкен Әлімқұловтың жазушылық талантын жоғары бағалайтын, ол туралы сын еңбектерін, зерттеулерін оқыған жан жақсы түсінеді. Жазушының талантына бас игенін «Еңбектерін еліне беріп кетті» деген жолмен берсе, талант тағдырын «Опасыз дүниеден жеріп кетті», - деп қысқа қайырады. Өз ұлтын ерекше сүйгендігін «Сөз қадірін түсінер жұртым бар деп, Халқына ғашық көңілі сеніп кетті» деген жолдарға ғана сыйғызған. «Халқына сеніп кетті», «халқына ғашық жүрек» деген тіркестерді жеке алсақ, жазушының өз ұлтын емірене сүйгендігін түсінуге болады.

I. Есенберлиннің тарихи романдары қатты сыналғып жатқан тұста, өткен тарихымызды ұмыттыруға негізделген идеология жақтастарына әдебиеттану ғылымын қару етіп, батыл пікір айтқан жалғыз сыншы Р. Бердібай болғанын оның еңбектерінен білеміз (Р. Бердібай. Бес томдық шығ. жин. Әдебиет сынының көкжиегі, т.б.). Жазушының кітабын оқығандағы ойын да рубай жолдарына түсіріпті:

Кітабын оқып шықтым «Алтын Орда»,
Ақиқатты ақыры айттық зорға.
Кетпесін ісі зая ерлерімнің,
Түспесін шындық енді қамау торға (Бердібай, 2003: 28).

Р.Бердібайдың рубайларынан оның өз басының азаматтық бейнесін тануға болады. Өмірбаянынан да хабардар етеді.

Менің әкем жан емес білім қуған,
Еңбек десе ер еді белін буған.
Үлгісінің үлкенін алдым білем,
Халқына қамқорлығы дайын тұрған (Бердібай, 2003: 52),

- деп өз әкесі туралы мәлімет береді. Әкесі Бердібай - өте қарулы, қара күшімен отбасын, айналасындағы көрші-қолаңын да асыраған жан екен. Оны естеліктерінде жазған. Әкесінен алған өнегесін орынды мақтаныш етеді. Анасына деген сағынышын, қарапайым қазақ әйелінің перзентінің амандығы үшін жанын шүберекке түйгендей күй кешетінін мына бір рубайында анық көрсетеді:

Дегендей сұқ пен көзден жүрсін қағып,
Анам маған беруші ед тұмар тағып.

Сол тұмардың киесі, шарапаты
Не қатерден аман-сау қалған алып (Бердібай, 2003: 39).

Ананың шын көңілінен шыққан әрекеті, шындығында, баласын көп қатерден сақтайтынына сенуге болады.

Мақтана алман «патшамын, уәзірмін» деп,
Елді билеп еңсеріп жатырмын деп.
Жұбатамын көңілді ұлтым үшін,
«Әрқашан да бейнетке әзірмін» деп (Бердібай, 2003: 51).

Ғалым: «Қызығым да, қасіретім де – қазақ, қазақ тарихы...», - деген журналистерге берген сұхбаттарында. Р.Бердібайдың өмірбаянынан хабардар жан бұл сөздерінің де растығын мойындайды.

Жерлер көп мәртебелі аты шыққан,
Даңқынан, айбарынан жаулар ыққан.
Мен туған жер Қаратау – қара шаңырақ,
Бір емес, күллі қазақ кие тұтқан (Бердібай, 2003: 51), -

деп өзі туған топырақ – қасиетті қазақ жерінің киелі өлкесі екенін мақтан етеді. Туған жерге қызмет етем деген әрбір азамат осылай ең алдымен, өз туған топырағының қасиетін тереңнен ұғынып, риясыз сүйеге міндетті екеніне үлгі көрсетеді.

Екінші бір ғалымның өмір бойы үздіксіз қызмет еткен, соның мәртебесі үшін күрескен ұлтымыздың мәдени мұрасы – ана тілі, қазақ тілі. Бұл туралы да төрт тағанға жазған ішкі толғаныстары жетерлік. Соның бірінде:

Танытқан сәби кезден дүние сырын,
Ұсынған әлемдегі білім гүлін.
Тең келер саған, сірә, қазына жоқ
Асылым, баға жетпес туған тілім (Бердібай, 2003: 10),-

деп толғанады.

Ғалым қазақ ұлтын ұлт ретінде сақтап қалатын өзінің ежелден келе жатқан мәдени мұраларының тағы бірі – ұлтымыздың өнері, музыка өнері екенін өз еңбектерінде жан-жақты түсіндіріп жазғаны, соны жойылып кетуден қорғағаны белгілі. Әсіресе әлемде теңдесі жоқ музыкалық мұра қазақ күйлері туралы қанша еңбектері бар. Рубайларында да ұлт мәдениетінің осы жанрына берілген ғажап бағалар көрініс береді.

Күй түсіну адамға ол да сынақ,
Бұл қызықтан көп пенде қалған жырақ.
Алтыныңның бағасы мыстан төмен,
Кеуде бітеу, шалағай болса құлақ» (Бердібай, 2003: 21).

Күй өнерінің сиқырлы қуатынан сескенген коммунистік партия идеологтары қазақ күйшілерін аяусыз қуғындап, келер ұрпақты бұл мұраны түсінбейтіндей халге түсіргені мәлім. Ғалымның күй туралы, күйшілер туралы жазған мақалаларының өзі бір кітап болуға сұранып тұрған танымдық дүниелер. Көзі тірі Сүгірдің күйлері жазылып алынбай, атақты Тәттімбеттің күйлері жоғалып бара жатқан жерінен ғалымның жанқиярлық еңбегі арқылы сақталып қалғанын айтудың өзі жеткілікті. Бұл сөздеріміздің куәлігі – М. О. Әуезовтің музей-үйінде орналасқан Қазақ әдебиеті мен өнері халық университетінде өткізілген сабақтар туралы ғалым жазбалары (Аманаттай сақталған асыл мұра). Ғалым Тәттімбеттің күйлерін емірене тыңдап, өзі орындап, орындаушыларды іздеп тауып, сонша іңкәрлікпен оның мұраларына қызыққан, құдіретін таныған. Сондықтан рубайында былай дейді:

Қазақта өнерпаздар болған талай,
Секілді нұрлы сәуле атқан арай,
Мәңгіліктің сырласы Тәттімбетті,
Жарасады десек те «күйдегі Абай».

Ұлы Абайды әдебиеттің алыбы десе, Тәттімбетті күйдің осындай алыбы деп бағалайды. Сол мұраларды еліне қайтарып берген ғалымның қазақ өнеріне ғашықтығының арқасы деуге болады. Р. Бердібай алдымен өзі жанымен өнерді сүйеді, соны ғылым тілімен түсіндіреді. Оның жазбаларында бірде-бір жасандылық болмайтыны осыдан болуы керек деген ойдамыз. Оған дәлелді тағы рубайлардан іздеп көрейік. Бір рубайында ән құдіретін көз етеді:

Ыңылдап «Бурылтайға» салсам егер,
Елестеп өткен шағым қайта келер.
Кірлеп қалған жанымды серпілдіріп,
Көңілім өкініштің жасын төгер.

Ал екінші бір рубайында қазақ күйі өзінің рухани азығы болғандығын, үнемі осы мұралардан қуат алып отыратынын сөз етеді:

Қасіретке кездесем, хал нашарлап,
Шертемін домбыраны «Қосбасарлап»,
Ауыр жүгі қайғының жеңілейіп,
Қиял құсы кетеді әлем шарлап (Бердібай, 2003: 42),

Ұлы дала мәдениетінің ең асылдарының бірі қазақ әндеріне де кеңес үкіметі жылдары қуғын жасалғаны туралы да Р. Бердібай еңбектерінен оқығанбыз (Бердібай, 2000). Қазақ әндерін не үшін қуғындағанын да ғалым түсіндіріп отырады.

Ел азғанда алдымен әні кетер,
Әні кетсе өмірдің сәні кетер.
Жүрекжарды ән мен күй ғайып болса,
Құр айғай бақырғанның бәрі бекер (Бердібай, 2003: 35).

Ұлттық әнді құрту арқылы ел рухын сындыру, елді аздыру мақсаты болғанын көпшілігіміз түсіне бермейтініміз рас. Ғасырлар бойы ұлан-ғайыр жерімізді сақтап қалған бабалардың бізден артықшылығы – рухтарының мықтылығы. Отаршыл ел бұны терең зерттеп, құлдық сана егу үшін, ең алдымен ұлт рухын қуаттандырып тұрған рухани мұраларға шабуыл жасады. Соның бірі – қазақ музыка өнері - қазақ әні мен күйі. Р. Бердібай өмір бойы осы мұраларды сақтап қалу үшін бар күшін аямады. Өйткені олардың ғажап қуатын өзі түсінді. Оны жоғарыдағы рубайларынан тануға болады.

Жұт болып мал қырылса, орны толар,
Көшкен ел жайлауына қайта қонар.
Халықтың рухына зақым түссе,
Қандай ем жазылуға дауа болар (Бердібай, 2003: 14), -

деп ақын жаны шарқ ұрады. «Ешбір халық шын азат бола алмайды, Азаматтық санасы оянбаса» (Бердібай, 2003: 18). Р. Бердібай бар ғұмырын халқының азаматтық санасын оятуға жұмсаған күрескер ғалым бола білді, «халық рухына түскен зақымды» емдеу үшін ұлттың рухани мұрасын өзіне қайтарып, ұрпақтың санасына сіңіруге күш салды. Соның бірі – таза діни сенім, дәстүрлі, бабалардан келе жатқан өз дініміз. Коммунистік идеология жалғандығын танытып, күйрей жеңілген тұста, қоғамды ұстап тұрған идеология орнын толтырарлық ұлттық идеологияны бірден орнына қою – біздің санасы зақымдалған қоғамда мүмкін болмады. Сол уақытта барлығын зерттеп отырған сырт жаулар қазақ қоғамының діни сенімге сусап отырғанын сезді де, діни

астармен жат ағымды қапталып жіберді. Бұның қасіретін бүгінгі жас қауым көріп отыр. Бауырымыздан өз ұрпағымызды тартып алып кеткен жат ағымдар сырын ересек қауым енді сезіп отыр. Сол қауіпті ерте сезген ғалым «Хазария қасіреті» деген мақала жазған болатын (Бердібай, 2002: 69-76]. Көп дінге есігін ашып қойған Хазария атты гүлденген мемлекет оп-оңай күйреп түседі. Тарихтан жойылып кетеді. Осыны тарих сабағы ретінде ғалым жазды. Сол туралы рубайында да жазып қалдырыпты:

Тарихын талдаймын деп елдің Хазар,
Мақала жазып бүгін болдым әзер.
Бір пайдасы халқыма тиер ме екен,
Сөздеріме патшалар салса назар... (Бердібай, 2003: 35).

Діндер тасқынының елді күйрететініне анық көзі жеткен ғалым дәл уақытында жазды... Өйткені ғалым атеистік қоғамның тұрғыны, коммунист қатарында болса да дәстүрлі дінді толық мойындаған. Аллаға шын сенген жан болғандығын оның ұлы Абай туралы «Сенімі кәміл кемеңгер», «Ұлылыққа жартыкеш түсінік жүрмейді» деген мақалаларының сонау егемендік алған алғашқы жылдары жарқ ете қалғанынан білуге болады (Бердібай, 2000).

Ғалым өз қойын дәптеріне жазған өлеңдерінде Аллаға сыйынған жолдар көп ұшырасады. Мысалы:

Жаратқан! Бермесен де байлығыңды,
Қия гөр қайыспайтын нарлығыңды.
Түсірсен түсір мәрттік майданына,
Көрсетпе қиянат пен тарлығыңды (Бердібай, 2003: 30),-

дейді.

Рубайларынан мейірімді әкенің перзенттеріне деген ыстық ықыласы да көрінеді. Мысалы: Ұлы туралы:

Өзіңсің үміт еткен ұлым менің,
Медетім, көңілдегі күнім менің.
Өмірдің сенсің берген сыбағасы,
Сен десем таусылмайды жырым менің.

Қызы туралы

Атыңнан айналайын алтын қызым,
Жылытқан ақылымен көңіл сызын.
Ауыр ойлар жанымды басқан шақта,
Сені көрсем, жарқырап қоңыр күзім (Бердібай, 2003: 46).

Р. Бердібай рубайларының көпшілігі өз халқы, оның алдындағы перзенттік борышы туралы болады. Соның бірнешеуін келтірейік:

Қадірлі, қайырымды халқым менің,
Сеніменен жасайды даңқым менің.
«Жаным, арым, намысым сендік» деген
Жазылған жүрегіме антым менің (Бердібай, 2003: 40).

Өріне шыққанымша жетпіс бестің,
Ел үшін арпалысып өмір кештім.
Арттырып жиһаз-мүлік жимасам да,
«Отанына қарыздар» демес ешкім (Бердібай, 2003: 37).

Көп табыс таппасам да өзім үшін,
Өкінбен өткен, кеткен кезім үшін.
Ақыл, қайрат, білімнің жеткен жері
Барлығы туып өскен елім үшін (Бердібай, 2003: 37).

Бұл сөздерінің бірін де жалған деуге келмейді. ҚР ҰҒА академигі Р. Бердібай 2012 жылы сәуір айында қаза болды. Ғалымды соңғы сапарға шығарып салуға республиканың барлық аймақтарынан зиялы қауым өкілдері де, қарапайым халық та, ақын-жазушылар да Түркістанға жиналды. Сол жиында өзінің құрдасы, досы профессор Тұрсынбек Кәкішев: «Сен, Роман, елің алдында қарыздар емессің» (Қазақ рухынан бой көтерген бәйтерек, 2013), - деген болатын. Ғалымның өмірін жақсы білетін, оның барлық мұрат-мақсатын жақсы түсінген мұраттас досы осылай бүкіл ел алдында ағынан жарылды.

Қорыта айтқанда, Рахманқұл Бердібай рубайлары оның адамдық мұратын толық ашып көрсетеді. Ғалымның кім болғанын осы әр кезде, түрлі көңіл күйде жазып отырған төрт жолдық өлең өрнектерінен де тануға болады. Оның рубайларын толық жинап, қайта жариялау, оның көркемдік қырларын тану – келер уақыттың міндетінде қалып отыр.

Әдебиеттер

1. Ташимова А. (2004). *Ғалым мұраты*. Белгілі ғалым, ф.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі Р.Бердібайдың 75 жылдығына арналған конференция (1 қараша 2002 ж.) материалдары. Түркістан. – 271 б.
2. Бердібай Р. (2003). *Рубайлар*. Түркістан. 61 б.
3. Бердібай Р. (1996). *Балқаннан Байқалға дейін*. Алматы. «Қазақстан». -256 б.

4. *Хаттарда сақталған гасыр шежіресі* (Р. Бердібай архивінде сақталған хаттар). (2017). Құрастырып, баспаға дайындаған Ж.Камалқызы. Алматы. – 170 б.
5. Бердібай Р. (2000). *Ел боламыз десек...* Алматы. «Қазақстан». – 400 б.
6. *Аманаттай сақталған асыл мұра* (М.Әуезов мемориалдық музей-үйінде орналасқан қоғамдық негіздегі Алматы қалалық қазақ әдебиеті мен өнері халық университетінде өткізілген сабақтар туралы жазбалар). (2017). Құрастырушылар: Ж. Камалқызы, А. Бердібай. Алматы. – 244 б.
7. Бердібай Р. (2002). *Түбі бір түрікпіз*. Астана. «Фолиант». – 344 б.
8. *Қазақ рухынан бой көтерген бәйтерек*. (2013). Түркістан. – 312 б.

Аннотация

В статье говорится об многоплановом ученом, известном в казахском научном сообществе академике, профессоре, докторе Рахманкуле Бердибае и его творчестве. Он обладал поэтическим талантом и был близко знаком с такой формой стихосложения, как рубай. Автор исследует темы поэтических произведений Р. Бердибая и анализирует мысли, заложенные в них, раскрывая их тайный смысл. Р. Бердибай раскрывает перед нами различные типы людей, существующих в обществе, говорит о казахских национальных ценностях, имеется и критика некоторых негативных сторон современного общества. Свои мысли о государстве, народных традициях, культуре и религии он сумел переложить в четверостишья. Эта статья одна из первых рассказывает о творческом наследии ученого – его рубай.

Ключевые слова: рубай, философия, критика, экологическая катастрофа, нравственность, воля.

(Камалқызы С. Тематическая и культурная ценность рубай Рахманкула Бердибая)

Özet

Makalede çok yönlü bilim adamı ve sanat sahibi olan Kazak toplumundaki tanınmış şahıs, akademisyen, profesör, doktor Rahmankul Berdibay'ın yaratıcılık tarafı söz edilir. Doğru ülamalarını "pir" tutan alim şairlik sanatında rubai türünü yakından tanımıştır. Yazar makalede akademisyen rubailerinin temalarını incelemektedir. Alimin sanatsal düşüncelerini tahlil etmektedir. Rubailerde anlatılan düşüncelerin sırrlarından bahseder. R. Berdibay dürüst şair olarak toplumda bulunan çeşitli tip insanlar tarzını inceler. Kazak milli değerlerinin azalma nedenlerini anlatmaktadır. Yaşan dönemdeki insanların görüntüsünü avı dille tenkit tarzda yapabilmıştır. Kendisi, memleketi, Kazak gelenekler, kültürü ve dini hakkında düşüncelerini dörtlüğe sığdırmıştır. Yazar akademisyenin özel mirası olan rubailer hakkında ilk olarak bilimsel makale yazmıştır.

Anahtar Kelimeler: rubai, felsefi sonuç, tenkit tarzı, ekolojik afet, ecel-yılan, ahlaki irade.

(Kamalkızı С. Rahmankul Berdibay Rubailerinin Tematik ve Sanatsal Değerleri)